

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында «Ділмар» дебат клубы атқарған іс-шараларының талдауы

2023-2024 оқу жылында «Ділмар» дебат клубының жоспары бекітіліп, жоспар бойынша жұмыстар жасалды.

Клубтың мақсаты: қоғамда орын алатын мәселелерді жариялы талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.


Клуб жетекшісі: Шамова Ақмарал Есенгелдіқызы

Клуб құрамында 35 оқушы қамтылған.

Қыркүйек айының жоспарына сәйкес дебат клубына жаңадан қосылған оқушыларға Американдық парламенттік форматты үйрету мақсатында тренингтер өткізілді.



Дебат клубына мүше оқушылардың базасын қалыптастыру мақсатында әлеуметтік желілерде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Оқушылар арасында пікірсайыс бағдарламасының кеңінен таралуына ат салысу, клубтың әр мүшесінің пікір-сайыс теориясын жетік меңгеруін және осы бағытта үнемі ізденісте болуына ықпал ету мақсатында «Алаш орда» дебат клубымен кездесу ұйымдастырылды.



Оқушылар арасында американдық-парламенттік форматты үйрету , жаттықтыру мақсатында пікірталас ұйымдастырылды.



«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында тіл байлықтарын дамыту мақсатында «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші бөлімі талқыланды.



«Алаш орда» дебат клубы және «Ділмар» дебат клубтары арасында тәжірибе алмасу мақсатында жолдастық кездесу ұйымдастырылды.



18 мамыр күні М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде Мұхтар Галиұлы Арынның 88 жылдығына арналған “Тәрбие деген тәңір бар” атты дебаттан қалалық турнир өтті. Мақсаты: оқушылар арасынан шешендік шеберлігі бар, өзінің көзқарасын, өз командасының мүддесін сауатты және нақты қорғай алатын жас көшбасшыларды іздеу және оларға қолдау көрсету,

Ақтөбе қаласында жастар арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту,

оқушылар бойында патриоттық және азаматтық қасиеттерді арттыру,

ұлттық руханияттың бес асылын белгілеп берген қоғам қайраткері, білім мен тәрбие жүйесіне бар ғұмырын сарп еткен ұстаз, профессор, ғалым М.Г.Арынның шығармашылығын ұлықтау. Қала мектептерінен бірнеше фракция қатысып, тартысты ойын көрсетті. Нәтижесінде, Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары -Телағыс Ғани ,Құбаш Арсен 1-орынды иеленіп, жеңімпаз атанды. ЛД форматы бойынша Ғ.Ақтаев атындағы #6 мектеп оқушысы Нағметулла Фариза “Үздік спикер” атағын иеленді. Турнирдің жеңімпаздары, үздік спикер мен үздік төреші марапатталды.



Жетістіктер:

- «Тәуелсіздік –қасиет тұнған ұлы ұғым» қалалық турнирде «Дарындылар» номинациясы 2022 жыл;
- «Ұшқыр ой мен шешен тіл» қалалық турнирде «Алғыс хат» 2023 жыл;
- Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде өткізілген «Мейірімділік жүректен» облыстық турнирінде «Алғыс хат» 2023 жыл;

- Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде өткізілген турнирде Б.Өтесін жүлделі 2-орын; 2023 жыл
- С.Торайғыровтың 130 жылдығына орай өткізілген «Қараңғы қазақ көгіне» қалалық турнирінде Б.Өтесін 3-орын; 2023 жыл
- «Тәрбие кілтін қашаған ұстаз-М.Арын» қалалық турнирінде 2-орын; 2023 жыл
- С.Торайғыровтың 130 жылдығына орай өткізілген «Қараңғы қазақ көгіне» қалалық турнирінде Д.Мамажонов 3-орын; 2023 жыл
- Қ.Сәтбаевтың 125 жылдығына орай өткізілген қалалық турнирде 3-орын; 2024 жыл
- Ә.Кекілбаевтың 85 жылдығына орай өткізілген «Кемел ойлы көркем сөзді шежіре» қалалық дебат турнирінде 2-орын; 2024 жыл
- Ә.Кекілбаевтың 85 жылдығына орай өткізілген «Кемел ойлы көркем сөзді шежіре» қалалық дебат турнирінде «Үздік спикер» Д.Мамажонов; 2024 жыл
- Ақтөбе қаласының 155 жылдығына орай өткізілген «Ұшқыр ойлар тартысы» дебат турнирінде К.Өмірбек, Н.Серікбаева 3-орын 2024 жыл;
- Ақтөбе құрылыс және техникалық колледжі ұйымдастыруымен Ақтөбе қаласының 155 жылдығына орай өткізілген «Ақтөбе құтты мекенім» дебат турнирінде Д.Мамажонов «Үздік спикер» 2024 жыл.
- Қалалық әдістемелік кабинеттің «Алғыс хаты» жетекші Шамова Акмарал 2024 жыл.

Директор

Ж.Т.Жанайдаров

Клуб жетекшісі

А.Е.Шамова

